

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым
министрлігі



Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт
министрлігі

2019 ЖЫЛҒЫ «14» қазан
№ 448

2019 ЖЫЛҒЫ «16» қазан
№ 275

**Балалар мен жастардың бос уақытын ұйымдастыру үшін орта (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта), техникалық және кәсіптік, қосымша білім беру ұйымдарындағы спорт және акт залдарын, мәдениет және спорт объектілерін пайдалану мәселелеріндегі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің және жергілікті атқарушы органдардың өзара іс-қимылы тәртібін бекіту туралы
БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ**

Балалар мен жастардың жасына, денсаулығына және қажеттіліктеріне сәйкес бос уақыты мен демалуға құқықтарын іске асыру үшін білім беру, мәдениет және спорт объектілерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес балалар мен жастардың бос уақытын ұйымдастыру үшін орта (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта), техникалық және кәсіптік, қосымша білім беру ұйымдарындағы спорт және акт залдарын, мәдениет және спорт объектілерін пайдалану мәселелеріндегі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің және жергілікті атқарушы органдардың өзара іс-қимылы тәртібі бекітілсін.

2. Осы бірлескен бұйрық жергілікті атқарушы органдардың, білім беру, мәдениет және спорт ұйымдарының назарына жеткізілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Ш.Т. Кариноваға, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министрлеріне Н. Дауешовке, Е. Рамазановқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым
министрдің міндетін атқарушы



Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт
министрі

